



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП
ЕРЕЖЕЛЕРІН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ҚАҒИДАЛАРЫ



ҮЛГЕРІМ – ТӘРТІП – МЕКТЕП ФОРМАСЫ

ТӘРТІП ПЕН БІРКЕЛКІ МЕКТЕП ФОРМАСЫ ОҚУ ОРТАСЫНЫҢ ЖАҚСАРУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН АРТТЫРАДЫ

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- ішкі тәртіп ережелерін, білім беру ұйымының Жарғысын сақтау;
- басқа білім алушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмеу, кішілерге көмектесу;
- тәртіпті болу, мектепте және одан тыс жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтау, мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау;
- физикалық қысым, қорқыту мен қорлаудан, басқаларға қатысты кемсітушілік әрекеттерден аулақ болу.

САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ:

- сабаққа кешікпеу;
- кезекші әдімшінің, сынып жетекшісінің немесе мейірбикенің рұқсатынсыз сабақтан шықпау;
- үзіліс кезінде мектеп аумағынан шықпау.

ОҚУДА:

- оқуға және басқа да сабақтарға саналы түрде қарау, оқу орнында тәртіп сақтау;
- дәлелді себептерсіз сабақтан қалмау.

МҮЛІККЕ ҚАТЫНАСЫ:

- мектептің мүлкіне, басқа адамдардың еңбегіне, жасыл желектерге ұялты қарау.



ШКІ ТӘРТІП БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА:

- 1) тәртіп бұзушылық фактісі мектеп әкімшілігімен қаралады
- 2) тәртіп бұзушылар мектепішілік есепке (БЖТ) алынады
- 3) тәртіп бұзушылық қайталанған жағдайда білім алушылар Педагогикалық Кеңесте қаралады
- 4) қасақана тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда іс кәметке толмағандар істері жөніндегі комиссияға жіберіледі



МЕКТЕП ФОРМАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. ҚР «Білім туралы» Заңының 49- бабы 2-тармағына сәйкес **АТА-АНАЛАР** мен өзге де заңды өкілдер:

- **білім беру ұйымының жарғысында айқындалған ережелерді;**
- білім беру саласындағы уәкілетті орган **белгілеген міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды орындауға;**
- білім беру ұйымында белгіленген **киім нысанын сақтауға;**
- балалардың оқу орнындағы сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. ҚР «**Білім туралы**» Заңының 47-бабының 15-1-тармағына сә кес орта білім беру ұйымдарында **ОҚУШЫЛАР** білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

3. Міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар, атааналар мен оқушылардың міндеттері мектеп **Жарғысында**, сондай-ақ білім беру қызметтерін көрсету туралы **келісімдерде әрбір оқушының ата-аналары мен заңды өкілдері қол қойған ішкі тәртіп Ережелерінде бекітілген.**

4. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 409-бабының 2-тармағына сәйкес **ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдеріне** білім беру саласындағы **заңнама нормаларын сақтамаған жағдайда ескерту немесе айыппұл салынады.** Ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын орындамағаны үшін мектеп әкімшілігі тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

БІЛІМ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2007 ЖЫЛҒЫ 27 ШІЛДЕДЕГІ ЗАҢЫ

5 БАП
39
тармақы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 39-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін **міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.**

№26
Бұйрық

Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНІҢ
2016 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАҢТАРДАҒЫ 26 БҰЙРЫҒЫ

5
тармақ

Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі

6
тармақ

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі

7
тармақ

Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді

13
тармақ

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды



ҰЛДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- шалбар*,
- мерекелік жейде,
- күнделікті жейде,
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска.
- **қысқы мезгілде:** трикотажды жилет, водолазка.

* ұлдарға арналған шалбарлар еркінтігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады

ҚЫЗДАРДЫҢ МЕКТЕП ФОРМАСЫ



- пиджак,
- жилет,
- юбка,
- шалбар*,
- классикалық жейде,
- не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган,
- поло жейде немесе тенниска.
- **қысқы мезгілде:** трикотажды жилет, сарафан, водолазка.

* қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады





